

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**
НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТИ
ИСЛАМ ІЛМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТИ
ИСЛАМТАНУ КАФЕДРАСЫ

«БЕКІТЕМІН»

**Қабылдау комиссиясының
төрагасы, проректор**

Курманбаев К.

«11 » 03 2023 ж.



**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**6B02201-«Исламтану» 3 жылдық (қысқартылған) білім беру
бағдарламасы бойынша**

Алматы, 2023

Шығармашылық емтихан бағдарламасы Исламтану кафедрасында дайындалып, кафедра отырысында талқыланды.

Исламтану кафедрасы мәжілісінде талқыланды.

Хаттама №_8_«_10_»_03_2023ж.

Кафедра менгерушісі



Н.С. Анарбаев

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті «БВ02201 – Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихан өткізу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы шығармашылық емтихандарды өткізу қағидалары (бұдан әрі - шығармашылық емтихан) Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университетінде шығармашылық даярлықты талап ететін Исламтану БББ түсетін талапкерлер үшін өткізіледі.
2. Шығармашылық емтиханның мақсаты талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық; бағыттағы кәсіптерді менгерудегі тұлғалық алғышарттарының болуын тексеру болып табылады.
3. Шығармашылық; емтихандарды Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университетінде құрылған қабылдау комиссиясы өткізеді.
4. БББ бойынша шығармашылық емтиханның саны екіге тең.
5. Мамандық бойынша шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны мен мазмұны жоғары оку орнымен дербес анықталады.
6. Шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін құрамы Нұр-Мұбәрак ЕИМУ ректордың бұйрығымен бекітілетін пәндік комиссиялар құрылады.
7. Шығармашылық емтихандардың кестесін (пәннін атауы, күні, уақыты және өткізілетін орны, кеңестер, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттар қабылдау басталғаннан кешіктірілмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.
8. Нұр-Мұбәрак ЕИМУ өткізетін шығармашылық емтихандар 20 балдық жүйе бойынша бағаланады. Шығармашылық емтиханның нәтижесі бойынша, олардың сәтті өткенін раставтын ең төменгі балл саны - 25 балл немесе сұхбаттасу ақылы ақылы бөлімге.
9. Бірінші шығармашылық емтиханда белгіленген балл санынан кем алған талапкерлер келесі емтиханға жіберілмейді. Университетке қабылдану үшін талапкер кемінде 25 балл жинауға міндетті, оның ішінде 1-блоктағы жеке пәндерден кемінде 5 балл, әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 25 балл жинаған ҰБТ мен кешенді тестілеуге қатысушылар қабылданады.
10. Жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш немесе орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білім туралы құжаты бар, қайта кешенді тестілеу нәтижесі бойынша шекті балды алмаған адамдар күндізгі оку нысаны бойынша бірінші академиялық кезең мерзімі аяқталғанға дейін ақылы негізде шартты студент ретінде қабылданады.

2. Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі

1. Шығармашылық емтихандар өткізу аудиториясына жіберуді және емтиханды өткізу кезінде осы қағидаларды сақтауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтиханды

өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

2. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде аудиторияда бөтен тұлғалардың болуына жол берілмейді.

3. Талапкер шығармашылық емтиханға кестеде көрсетілген мерзімде келеді. Талапкер аудиторияға емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын жіберіледі.

4. Талапкер шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттарын қабылдағаны туралы қолхатты көрсетең жағдайда жіберіледі.

5. Шығармашылық; емтиханды өткізу кезінде бір орыннан басқа орынға ауысуға, емтихан материалдарымен алмасуға, көшіріп алуға, аудиторияға оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, мобиЛЬДІ байланыс құралдарын кіргізуге және қолдануға тыйым салынады.

6. Шығармашылық емтихандар тыныш және қолайлы жағдаймен қамтамасыз етіледі, талапкерлерге өз білімі мен білік деңгейін толық көрсете алуына барынша мүмкүндік жасалады.

7. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкерлерге және оны өткізу үшін тартылған жоғары оқу орнының қызметкерлеріне өзімен бірге байланыс және электрондық-есептеу техникаларын алуға және пайдалануға тыйым салынады.

8. Шығармашылық емтихан басталғаннан кейін талапкерлерге емтихан материалдары беріледі және титулдық параграфтарды ресімдеуге ұсынылған тәртіптер түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыттары, нәтижелерді жариялаудың және аппеляция өткізудің уақыты мен орны көрсетіледі.

9. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды:

- емтихан алушының көрсетең орынға отыру;
- тыныштық сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушымен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу;
- аудиторияда жүрмеу, басқа орынға отырмау;
- шығармашылық емтиханның аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпау.

10. Осы қағидаларды бұзған жағдайда талапкер аудиториядан шығарылады. Бұл ретте емтихан жұмысының титулдық параграфына емтихан алушының қолымен расталған шығару себебі туралы жазылады. Талапкердің бұл жұмысы жойылады.

Талапкер дәлелді себептермен емтиханға кешігіп немесе келмеген жағдайда ол шығармашылық емтиханды жазбаша өтініші мен шығармашылық емтиханды жіберіп алуына дәлелді себептерін раnstайтын құжаттарды ұсынуы негізінде ректордың рұқсаты бойынша бекітілген кесте шеңберінде басқа уақытта тапсыруға жіберіледі.

11. Шығармашылық емтиханды жіберіп алуына дәлелді себептер мыналар болып табылады:

- талапкердің ауырып қалуы (емдеу мекемесінен ауырып қалғандығы туралы анықтаманы ұсынумен расталады, анықтама емдеу мекемесінің мөрімен бекітіледі);

- төтенше жағдайлар, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы (мемлекеттік мекемеден төтенше жағдайдың немесе жол-көлік оқиғасының болу фактісін айғақтайдын анықтама ұсынумен расталады).

12. Дәлелді себептер бойынша шығармашылық емтиханға келмеген тұлғалар оған шығармашылық емтихандарды өткізу мерзімінен кешіктірілмей қосымша анықталған күні жіберіледі.

13. Дәлелсіз себептермен шығармашылық емтиханға келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.

14. Шығармашылық емтиханға қайта қатысуға және қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

15. Емтихан жұмыстарын тексеру тек жоғары оку орнының ғимаратында жүргізіледі.

16. Шығармашылық жұмыстарды тексеруді тек пәндік комиссияның мүшелері жүргізеді.

17. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары еркін нысандағы бағалау ведомосымен және пәндік комиссия хаттамасымен ресімделеді.

18. Шығармашылық емтиханның қорытындысы ведомостпен және пәндік комиссияның хаттамасымен ресімделеді.

19. Емтихан алушымен сарапталған жоғары және тәмен балл жинаған және 5% қалған жұмыстарын пәндік комиссияның төрағасы емтихан жұмыстарын қосымша тексереді.

20. Тексерілген жұмыстар, бағалау ведомостері және бағалары мен тексеруші емтихан қабылдаушылардың, пәндік комиссиясы төрағасының қолдары қойылған хаттамалар жауапты хатшыға (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі.

21. Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткеннен кейін сол күні кешке немесе келесі күні хабарланады.

22. Талаптарды сақтауды және шығармашылық емтихандарды бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешуді, емтихан өткізу кезеңінде шығармашылық емтихандар тапсыруши тұлғалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.

23. Апелляциялық комиссия шығармашылық емтиханның нәтижелерімен келіспейтін тұлғалардың өтінімдерін қарастыру үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы Нұр-Мұбарақ ЕИМУ ректордың бұйрығымен бекітіледі.

24. Апелляцияға өтінімді апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсыруши тұлға жеке береді. Өтінім шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарастырады.

25. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның өтінімі апелляцияға қарастырылмайды.

26. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссиясының жұмысы төрағаның және комиссия мүшелерінің барлығының қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

27. Шығармашылық БББ түсетін тұлғалар ҰБТ дан Қазақстан тарихы пәні үпайы есептеледі.

2. Нормативтік талаптар

«Исламтану» БББ қоғамдық маңыздылығы бар феномен ретінде жалпы жүйелік білім беретін пәндер қатарына жатады.

Тұсу емтихандарының бағдарламасы мен тапсырмалары діни сауатқа ие тұлғаларды толық таңдау мақсатында құрылған.

Осы БББ тұсу үшін талапкерлер арнайы пәндер бойынша 2 шығармашылық емтихан тапсырады:

1. Ислам негіздері бойынша ауызша емтихан.

Ислам негіздері бойынша ауызша емтихан талапкерлердің берілген бастапқы исламтанушылық кабілеттерін айқындауға, олардың діни білімдерін толық көрсетуге мүміндіктерін береді.

Ислам негіздері бойынша ауызша емтиханға арналған сұрақтар:

1. Әhlү-сұннет уәл жамағат дегеніміз кімдер?
2. Жасалуы мен жасалмауында діни тұрғыдан ешқандай кедергі болмаған, адамның еркіндегі іс-әрекеттер қалай аталады?
3. Иманның шарттары нешеу? ханафилерде қандай ерекшелік бар?
4. Намазда алғашқы отырыстың үкімі?
5. Уаһабышылар қандай ағымға жатады?
6. (أَيُّمَا إِهَابْ دَبَغْ فَقَدْ طَهَرْ) хадисі ханафилерде нені жалпылайды?
7. Үлкен күнә жасаушының үкімі қандай?
8. Мәсі мезгілі аяқталған уақытта адамның дәреті болса не істейді?
9. «Алла қайда» деген сұраққа қалай жауап береді?
10. Күмәнді суға қандай су жатады?
11. Алла Тағала барлық жерде деп кімдер айтады? Және оларға қалай жауап береміз?
12. Намаз бастағанда Аллану Акбар деп тәкбір айтудың үкімі?
13. Сират көпірдің сипаттамасы, оған имам келтірудің үкімі қандай?
14. Тауық, асыранды үйрек және қаз тәрізді құстардың санғырығының үкімі?
15. «Истәуә» сөзін қалай түсіндіреміз?
16. Иленген өлексе терісінің үкімі?
17. Имам Мутуридидің толық аты-жөні және дүниеден өткен жылы қандай?
18. Намаздағы уәжіптерді атаңыз

19. Ақида ілімінің басқада қандай атаулары бар? Олардың айырмашылығы неде?
20. Жеңіл нәжістін түрлерін атаңыз.
21. Періштегер ғайыпты біледі ме?
22. Күмәнді сумен дәрет алған кісі намаз оқи алады ма?
23. Адасқан ағымдардың бәрі бірдей діннен шығады ма?
24. Сенім тұрғысынан алғанда уәжіпті теріске шыгарған адамның үкімі қандай?
25. Ақида ілімін үйренудің үкімі қандай?
26. Дәрет қай жағдайда уәжіп болады?
27. Құнәһар мұсылманды Алла кешеді ме? Дәлелі қандай?
28. Ғұсыл алу парыз болатын жағдай?
29. Амал жасамаған адамның діннен шықпайтындығына қандай дәлел бар?
30. Парыз намаздың үшінші рәқағатында фатиха оқудың үкімі
31. Ақида ілімінің қайнар көзі?
32. Парыз намаздың алғашқы екі ракағатында зәм суресін оқу үкімі?
33. Тауассул дегеніміз не? Шаригатымызда рұқсат па?
34. Дәретті бұзатын жағдайлар қайсы?
35. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) атан-анасы иман келтірген болып санала ма?
36. Намаздың сыртқы парыздары қайсы?
37. Әhlү-сұннет жақсылық пен жамандыққа байланысты қандай тұжырым жасайды? Және оған қандай дәлел келтіреді?
38. Намазда алғашқы отырыстың үкімі қандай?
39. Матуридилер фифли сипаттарды не үшін қадим (ежелден) дейді? ал, Ашғарилер не үшін хадис (кейіннен) дейді?
40. Намазда алғашқы отырыстың үкімі қандай?
41. Иәд, Айн, Қадам, Нузул секілді мұташәбін аят-хадистердегі сөздерді басқа тілге аударып айтуға бола ма?
42. Хайыз бен нифас кезінде намаз оқу үкімі?
43. Пайғамбарларға мұстахил болған сипаттар қандай?
44. Қай жағдайда сәху сәждесі жасалады?
45. Қабір азабын, сират көпірді, амалдың өлшенуін кімдер мойындағайда? Және не үшін мойындағайда?
46. Жан тапсырар адамды оң бүйіріне жатқызуудың үкімі не?
47. Жәннат пен тозақ қазір жаратылғанба? Осыған байланысты Әhlү-сұннет пен Мұғтазилиттерде қандай айырмашылық бар?
48. Түсікке жаназа оқу жайлы айтыңыз
49. Тафуид жайлы Имам Матуриди өзінің «китаб әт-таухид» атты еңбегінде қандай анықтама жасаған?
50. Мәйітті лаҳадқа қойған соң басына үш уыс топырақ тастаудың үкімі?
51. Ақылмен үкім қылышудың қандай түрлері бар? Мұстахил даруури дегеніміз не? Және мысалы қандай?
52. Көршілердің қаралы үйге ас әзірлеп берудің үкімі.

53. «Фиқнул абсат» кітабы кімдікі? Және кімдердің арасында болған, толық атап көрсет?
54. Ақыреттік шаһид пен дүниелік шаһидтің айырмашылығы неде?
55. Мұғтазилиттер не үшін сират көпірдің сипаттамасын мойындамайды?
56. Таң намазынан кейін қаза оразаға ниет етудің үкімі?
57. Қияметте Алланы көруге байланысты Имам Тахауи қандай тұжырым жасаған? Мәтін сөзі?
58. Он кедейді тамақтандыру немесе киіндіру, каффараттың қай түріне жатады?
59. Таразының сипаттамасын кімдер мойындамайды және таразы сипаттамасына иман келтірмеген адамның үкімі қандай?
60. Қажылықта уақытынан бұрын шаш қысқартқаны үшін қанша күн ораза тұтады?
61. Алла адамның не істейтінін жазып қойған болса, не үшін онда жазаға тартады?
62. Оразаны белгілі уақытта орындауды өзіне міндеттейтін жағдай?
63. Мұғтазилиттер не үшін қияметте Алланы көруді жоққа шығарады?
64. Арапа күнгі оразаға хадиспен кімге тыйым салынған?
65. Сәләфиттер (әл-Уахабия) әhlү-сұннетке жата ма?
66. Құрбан айттың төртінші күні ораза тұтудың үкімі?
67. Сәләф салихтар кімдер?
68. Қандай жағдайда ораза мәкруh болады?
69. Хәләфтар қай кезеңден басталады және кімдер жатады?
70. Рамазан айын көрудің үкімі?
71. Тафуид дегеніміз не және оның мысалы қандай?
72. Рамазан айын күн батпай көрініп қойса, ай көрген болып санала ма?
73. Әбу Ханифа мен Имам Тахауиге дейін ақида енбектері жазылған ба?
74. Батыста көрінген ай шығысқа да үкімі жүреді деген көзқарас кімдерге тиесілі?
75. Тәуил дегеніміз не және оның мысалы қандай?
76. Бұлтты күні айдың көруші куәгер қандай болу керек?
77. Әhlү-сұннет ғалымдары Қызыр, Лұқман, Зұлқарнайынға байланысты қандай анықтама берген?
78. Сәждे аятын қандай жағдайда естігенде оны жасау уәжіп болмайды?
79. Қабір рахаты мен азабы жайлы хабар мұтауатир хабарға жата ма?
80. Рамазанның әр күніне жеке ниет ету керек пе?
81. Мұқаллид адамның иманы қандай?
82. Асыр уақытында екі ораза күндеріне ниет етсе жарамды ма?
83. Алланы қалай тануға болады?
84. Қонаққа шақырса ораза тұтамын деп ниет етсе ниеті жарамды ма?
85. Мұғтазилиттер не үшін қабір азабын мойындамайды?
86. Қаза мен каффарат оразаға бірдей ниет етсе қалай болады?
87. Алла Тағалаға не нәрсе тиіс (уәжиб) болады?

88. Жауын сүйн байқаусызыда жұтса оразаны бұзады ма?
89. Иман шарттарын атап беріңіз?
90. Ауыздағы қанды жұтса ораза бұзылады ма?
91. Мұсылман болу үшін ең алдымен не істеу керек?
92. Оразада әдейілеп гүл исін иіскеудің үкімі
93. Намаз оқымай, калима шаһадатты айтқан адам мұсылман ба?
94. Рамазан айында мұсылман болмаған болса сол күннің қазасын өтейді ма?
95. Алланың кітаптарына иман келтірудің үкімі?
96. Ашық аспанды күні хилал айын көруші куәгер саны (Әбу Ханифа бойынша)?
97. Жаннат пен тозаққа иман келтірудің үкімі?
98. Сәху сәждесін сәлем беруден алдын жасаған болса, жарамды ма?
99. Амал мен иманның айырмашылығы?
100. Иманның артып-кему мәселесі

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Негізгі әдебиеттір:

1. Құран Кәрім
2. И.Сейітбеков, Иман негіздері, А., 2010
3. Қ.Жолдыбайұлы, Ақиқат шуағы, А.,
4. F.Есім, Артемев, Дінтану негіздері, А., қазақ/орыс тілдерінде
5. И.Н. Яблоков, Религиоведение, М., 2005
6. Д.Өмірзаққызы, Адамзаттың Асыл Тәжі, А., 2006
7. Қ.Сейтұлы, Перштерге иман, А, 2010
8. С.Хизметли, Дінтану, Шымкент,
9. М.Исаұлы, Қ.Жолдыбайұлы, Ислам Ғылымхалы, А., 2006
10. Панова В.Ф., Вахтин Ю.Б. Жизнь Мухаммада. М., 1990.
11. Исламоведение:Пособие для преподавателя Автор: Э.Р. Кулиев, М.Ф. Муртазин, Р.М. Мухаметшин и др. М., 2008

Қосымша:

1. Ә. Дербісәлиев, Қазақ даласының жүлдүздары, А., 1995
2. Ш. Әділбаева, Сұннет салтымыз, хадис ғұрыпымыз, А., 2009 ж.
3. А. Әділбаев, Ш. Әділбаева, Имам Әбу Ханифа және ханафи мәзһабы, А., 2011
4. Ислам историографический очерк, М.,
5. М. Исаұлы, Құран кімнің сөзі, А., 2006
6. Сейтбеков И., Нысанбаев С., Ислам тарихы, Шымкент,
7. Мец А., Мусульманский ренессанс М.,
8. Массә А., Ислам, М.,

9. Монтгомери, У., Влияние ислама на средневековую Европу, М.,
10. Негізгі діни мағлұматтар, (Ауд., құр. Х. Өзтүрк, Б. Мансұров) А., 2008
11. Т. Түгелұлы, Б. Тұрғанбекұлы, Мәзһаб туралы таным, А., 2011
12. А. Әділбаев, Қасиетті мәуліт, А., 2006
13. Басилов В.Н., Кармышева Дж.Х. Ислам у казахов М. 1997.
14. М. Исахан. Мазхаптар тарихы (саяи, сенімдік, фықытық негіздер бойынша), Алматы, 2006.